

10.71.01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Колдасов Берик Серикович

Сулейман Демирель Университеті

Андатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының құқық қорғау қызметі туралы заңнамасында тізбектеп көрсетілген органдарды (прокуратура, ПО, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі) жеке – жеке қарастырып, оларды талдай келе құқық қорғау жүйесіндегі алатын орнын ашып көрсеттік. 2011 жыл 6 қаңтар қабылданған «Құқық қорғау қызметі туралы» заңында «құқық қорғау қызметі» анықтамасын талдап оны жан жақты қарастырдық. Сонмен қатар жұмыста құқық қорғау қызметі түсінігінің орбитасының кең екенін ашып көрсетуді жөн санадық. Құқық қорғау қызметі туралы заңға сүйенсек, құқық қорғауды тек онда көрсетілген төрт орган (прокуратура, ПО, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызмет) жүзеге асырады. Бірақ бұл органдардан басқа өзінің функциясына адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қызметін қамтыған органдар жайлы сөз еттік. Мысалыға, Адвокатура, Нотариат, Әділет органдарының «құқық қорғау қызметі туралы» заңның шеңберіне енбей қалуы назарымызды аударды.

Кілт сөздер: құқық қорғау қызметі, құқық қорғау органы, прокуратура, адвокатура, экономикалық тергеу қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, декларация, жемқорлық, заңдылық, қағида.

Аннотация. В этой статье мы рассмотрели и проанализировали правоохранительных органов (Прокуратура, Служба внутренних дел, Служба по борьбе с коррупцией, Служба экономических расследований) указанных в законе о правоохранительной деятельности. В Законе о правоохранительной деятельности, принятом 6 января 2011 года, мы проанализировали определение «правоохранительной деятельности» и подробно рассмотрели его. В то же время было бы желательно раскрыть широкую орбиту понятия правоохранительной деятельности. Если посмотреть на Законе о правоохранительной деятельности могут осуществлять только четыре органы (Прокуратура, Служба внутренних дел, Служба по борьбе с коррупцией, Служба экономических расследований). Но помимо этих органов в этом докладе рассмотрели об органах, занимающихся защитой прав и свобод людей и граждан. Например, особое внимание было уделено отсутствию нотариусов,

Адвокатуры, органы Юстиции в законе об деятельности правоохранительных органов.

Ключевые слова: правоохранительное деятельность, правоохранительные органы, прокуратура, адвокатура, служба экономических расследований, орган по борьбе с коррупцией, декларация, коррупция, законность, принцип.

Annotation. In this article, we examined and analyzed the law enforcement agencies (the Prosecutor's Office, the Internal Affairs Service, the Anti-Corruption Service, the Economic Investigation Service) specified in the law on law enforcement. In the law on law enforcement, adopted on January 6, 2011, we analyzed the definition of "law enforcement activities" and examined it in detail. At the same time, it would be desirable to disclose the broad orbit of the concept of law enforcement. If you look at the Law on Law Enforcement Activities, only four bodies can exercise it (the Prosecutor's Office, the Internal Affairs Service, the Anti-Corruption Service, the Economic Investigation Service). But in addition to these bodies, this report examined the bodies that deal with the protection of the rights and freedoms of people and citizens. For example, special attention was paid to the lack of notaries, Advocates, and Justice agencies in the law on the activities of law enforcement agencies.

Keywords: law enforcement service, law enforcement, prosecutors, advocates, the economic investigation service, anti-corruption body, declaration, corruption, legality, principle.

Жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың мазғымастығын қамтамасыз ету мемлекет пайда болғаннан бері сонау Рим империясы кезінен қазіргі кезге дейін мемлекет механизімінде ерекше рөл атқарады. Кез келген дамыған мемлекеттерде адам құқықтарына қол сұғылмауына, мемлекетпен қорғалуына, бұзылған құқықтардың қалпына келтірілуіне Конституциямен кепілдік берілген. Әлемдік қауымдастықтың мүшесі Қазақстан Республикасының Ата заңында мұндай кепілдіктерді баян еткен.

Қазақстан Республикасы Конституцияның 12-бабында айтылып кеткендей, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі [1]. 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында баян етілгендей, заң алдында жұрттың бәрі тең және де заң арқылы алаңбай, бірдей тең қорғалуға құқылы [2]. Барлық адам осы Декларацияның ережелерін бұзатын кемсітуден және кемсітуге арандатушылықтың барлық түрінен тең қорғалуға құқылы. Сондықтан адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстарды ашу және жолын кесу – мемлекетіміздің ең маңызды міндеттерінің бірі болып

табылады . Бұл міндеттерді орындау құқық қорғау органдарына жүктелген.

Құқық қорғау органы дегеніміз – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган [3]. Ал енді құқық қорғау қызметі деген түсініктің анықтамасын нақтылай кетсек, заңда құқық қорғау қызметі деп – құқық қорғау органдары лауазымдарындағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі деп анықтама берілген [3]. Біздің ойымызша заңда құқық қорғау қызметіне берілген түсінікті толықтыру қажет, себебі заңда берілген анықтама бұл түсінікті толықтай қамтымаған. Құқық қорғау қызметі туралы заңнаманы басшылыққа ала отырып заңнаманың шеңберінде біз құқық қорғау қызметі түсінігіне ұсынатын жаңа нұсқамыз – құқық қорғау қызметі – мемлекет өзіне міндет артқан, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау органдары лауазымдарындағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Мемлекет қабылдаған заңдарды азаматтардың сақтауын, орындауын қадағалау, заңның талаптарын бұзған жағдайда жауапқа тарту құқық қорғау органдарының міндеті болып табылады. Құқық қорғау қызметі әртүрлі нысанды болып келеді – құқықбұзушылықты анықтау, тергеу, алдын алу, болдырмау және жолын кесу. Сонымен қатар құқық бұзушыларға белгілі бір ықпал ету, соның ішінде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану құзыры болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі» туралы 2011 жыл 6 қаңтар қабылданған заңына сәйкес құқық қорғау органдарына мыналар жатады: прокуратура органдары, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі [3].

Құқық қорғау органдарымен қатар арнаулы мемлекеттік органдар да бар. Оларға ұлттық қауіпсіздік органы, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органдар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Күзет қызметі жатады. Арнаулы мемлекеттік органдар ҚР Президентіне тікелей бағынады және есеп береді, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төнуіне жол бермеу мақсатында барлау және қарсы барлау қызметін, сондай-ақ жедел

іздістіру және техникалық шаралар кешенін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар.

Қазақстан Республикасы заңнамаларына негізделе отырып және оларды талдай келе, прокуратура органдарынан бастаған жөн деп санаймыз. Себебі құқық қорғау қызметі прокуратура органынан бастау алады. Прокуратура органдарының құқықтық негізі Қазақстан Республикасының «Прокуратура» туралы 2017 жылғы 30 маусымда қабылданған заңы. Осы заңнамаға сәйкес, прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын, заңдардың біркелкі қолданылуын, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтарының және өзге де құқықтық актілердің республика аумағында заңға сәйкес қолданылуын және жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Прокуратура кез-келген заң бұзушылықтарды анықтау және жою үшін шаралар қолданады. Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Республика ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық келтіреді.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура» туралы заңы 8 тараудан тұрады. Заңда прокуратура органдарының жүйесі, қызметі, шығаратын құқықтық актілері, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қадағалаумен байланысты міндеттері, қылмыстық қудалау, прокурордың мәртебесі, өкілеттіктері туралы баян етілген. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар (республикалық маңызы бар қалалар мен Қазақстан Республикасы астанасының прокуратуралары, бас әскери және көлік прокуратуралары), аудандық және оларға теңестірілген қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған прокуратуралар (әскери, табиғат қорғау, көлік, арнайы объектілер прокуратуралары) құрайды.

Прокуратура органдары өз қызметі барысында төмендегідей міндеттерді атқарады:

* адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

* заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтауды және жоюды;

* құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады [4].

Құқық қоғау органдарының жүйесінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары ерекше орын алады. Олар қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, мемлекет пен қоғамның мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғушылықтардың алдын алу және оларды болдырмау жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Ішкі істер органдары атқарушы биліктің негізгі қызметтерінің бірін атқарады, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтауды, алдын-ала тергеуді, және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырады. Қазіргі таңда ішкі істер органдарының құқықтық негізін «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі заңы құрайды.

Ішкі істер органдарының қызметі заңдылық, қазақстандық патриотизм, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы, ішкі істер органдарының біртұтастағы, жариялылық принциптеріне негізделген.

Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті ішкі істер органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 3) қылмыстылықпен күрес;
- 4) қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазалауларды орындау;
- 5) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру [5].

Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының жүйесі:

* Ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесін полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, азаматтық қорғау органдары құрайды.

* Полицияны криминалдық полиция, әкімшілік полициясы, тергеу, анықтау бөлімшелері және өзге де бөлімшелер құрайды.

Криминалдық полиция ұйымдасқан қылмысқа, экстремизмге, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерден, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

Әкімшілік полиция жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және

қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, уақытша ұстау изоляторларынан, айдауыл қызметі бөлімшелерінен және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

* Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен, ведомстволардан, аумақтық органдардан, сондай-ақ Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, желілік ішкі істер органдары, әскери-тергеу органдары аумақтық органдар болып табылады.

* Қылмыстық-атқару жүйесін ведомство, оның аумақтық органдары, пробация қызметі және жазаларды орындайтын мекемелер, өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдар құрайды.

* Ұлттық ұланның құрамы мен оның қызметінің ұйымдастырылуы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

* Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін, ведомстволарды, аумақтық органдарды және Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдарды құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі жүзеге асырады .

Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы заңдары, Президент, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері, басқа да нормативтік актілер, халықаралық келісімшарттар мен Қазақстан Республикасының басқа да міндеттемелеріне сәйкес жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдары:

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстылықпен күресу саласында мемлекеттің саясатын жүргізеді;
- өз құзіреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;
- ішкі істер органдарының жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстылықпен күресу шараларын жетілдіреді[6].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылы 26 желтоқсан №986 бұйрығы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа байланысты

алдағы мақсаттарды айқындау үшін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы 2015 – 2025 жылдар аралығына қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-2050 стратегиясында, «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біздің түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек» деп сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қызметтің орнын ерекше атап көрсеткен болатын [7].

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының № 410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл» Заңы 2015 жылы 18 қараша қабылданды.

Бұл Заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған [8].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет келесідей қағидаттардан тұрады:

- 1) заңдылық;

2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;

3) жариялылық пен ашықтық;

4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Бұл қағидаттардың сақталуы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің нәтижелілігін арттырады. Сонымен қатар жоғарыда аталып кеткен қағидаттарды негізге ала отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады [9].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу үшін мынадай іс – әрекеттер жүзеге асырылады:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасында 2014 жылға дейін мемлекетіміздің қаржы кірістер мен шығыстарын қаржы полициясы жүзеге асырып келді.


Қазақстан Республикасының қаржы полициясы 1994 жылы құрылған еді. 20 жыл өмір сүріп 2014 жылдың тамыз айында қаржы полициясы жойылып функциялары жаңадан құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне ауысты. Ал экономикалық және қаржы қылмыстары мәселелерін мемлекеттік кірістер Комитеті Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі қызметіне берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес 2014 жылы 6 тамыз №883 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» және 2014

жылы 14 тамыз Қазақстан Республикасының Үкіметі № 933 қаулысына сәйкес Экономикалық тергеу қызметі құрылды.

2011 жыл 6 қаңтарда қабылданған «Құқық қорғау қызметі туралы» заңға сәйкес заңның 1 бабының 21 бөлігінде экономикалық тергеу қызметі – Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік кіріс органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстардың және құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын осы органдардың жедел-тергеу бөлімшелері.

Кедендік бақылау қызметі де мемлекеттік кірістер Комитетіне жүктелді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жыл 14 тамыз № 933 қаулысына сәйкес «Кедендік бақылау Комитеті қайта құру нәтижесінде мемлекеттік кірістер Комитетіне қосылғандығын хабарлады»



Қазіргі таңда қайта құру аяқталып экономикалық тергеу қызметінің жұмысы жанданды. Экономикалық тергеу қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және де бұл міндетті оңтайлы атқару үшін барлық қажетті өкілеттіктер берілген.

Экономикалық тергеу қызметінің негізгі мақсаттары мен міндеттері мынадай: экономикалық тергеу жүргізу, салықтық қылмыстарды ашу, жолын кесу, алдын алу, жалған кәсіпкерлік қылмыстарын тергеу. Экономикалық тергеу қызметі негізгі үш бағыт бойынша өз қызметін жүзеге асырады:

1. жедел – іздестіру қызметі;
2. әкімшілік қызмет;
3. қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеу.

Осылайша экономикалық тергеу қызметі әкімшілік жауаптылыққа тартумен қатар сотқа дейінгі тергеп тексеруге дейін іс – жүргізуге өкілеттіктер берілген.

Экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің мынадай құқықтары мен міндеттері бар:

- ❖ Өз өкілеттіктерін орындау үшін керекті ақпараттарды сұратып алуға
- ❖ Қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдармен мен ұйымдарда керекті ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндігі
- ❖ Қызметтік міндеттерін орындау үшін құқық қорғау органдарымен қажетті жағдай жасалуы
- ❖ Өзінің жеке ақпараттарыны қорғалуы
- ❖ Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтауы
- ❖ Адам және азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының тиіспеушілігін қамтамасыз ету
- ❖ Заңды және жеке тұлғалардан келіп түскен арыздарды заңда көзделген уақытта қарап сол бойынша қажетті іс – шара қабылдау.

Жоғарыда айтылып кеткендей, 2011 жылы мемлекеттік қызметтен бөлініп, құқық қорғау қызметі ретінде ұйымдастырылған, міндеті адам мен азаматтың, мемлекет пен қоғамның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін кез келген құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау болып табылатын қызметтің түрі пайда болып. Мұндай қызметті жүзеге асыратын органдар нақтыланды. Олардың қызметі аталған заңнаманың негізінде біркелкілендірілді.

Дегенмен, аталған органдарға тән функциялармен оларды іске асыру ерекшеліктері толыққанды ескерілді деуге әлі де болмас.

Заң шығарушы құқық қорғау қызметін ғана біркелкілендірілгенмен, ондай органдардың әрқайсысының ұйымдастырылуымен қызметін реттейтін жеке-жеке нормативтік құқықтық актілерді қабылдағаны әйгілі. Міне осы нормативтік құқықтық актілер мен “Құқық қорғау қызметі туралы” заңның араларын әлі де сәйкестендіре түсу керек сияқты. Мысалы, Прокуратура туралы заңдағы прокурордың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеушілік құқығы т.б. қатысты тұстары кездеседі.

Сондай – ақ, аталған заңға сүйенсек, құқық қорғауды тек онда көрсетілген төрт орган (прокуратура, ІО, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызмет) жүзеге асырады. Алайда, бұл шолақ ұғымды қалыптастырады. Өйткені, өздеріне “құқық қорғау” міндеті жүктелген басқа да органдарға тоқталар болсақ, мысалы адвокатура қылмыстық процесте “қорғау” функциясымен байланысты. Нотариат тұлғалардың араларындағы азаматтық – құқықтық мәмілелерді растау арқылы, олардың құқықтарын қорғайды. Әділет органдарының

міндеттерінде де осындай көріністі байқауға болады. Қылмыстық процестегі жаңа тұлға – медиатордың да функциясы одан алыс емес.

Солай екен, құқық қорғау қызметінен, оны іске асыратын органдардың аясы кең бой келеді.

Демек, құқық қорғау органы деген түсінік қажет біздің пікірімізше, құқық қорғау органы-деп, мемлекеттің сол үшін арнайы құрған, заңда көзделген жағдайларда мәжбүрлеу шараларын күш қолдану арқылы іске асыратын, сондай – ақ өз функциялары мен өкілеттіктері шеңберінде адам мен азаматтың, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, мемлекет пен қоғамның заңды мүдделерін құқыққа қайшы әрекеттерден (әрекетсіздіктерден) қорғауға тиесілі басқа да мемлекеттік органдармен мемлекеттік емес құрылымдардың жиынтығын айтуға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 6 қаңтар
4. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 маусым
5. Правоохранительные органы Республики Казахстан М.К. Самалдыков
6. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуір
7. «Қазақстан-2050» Стратегиясы
8. <http://www.adilet.gov.kz/kk/node/9714>
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қараша